The background of the image is a light gray gradient, decorated with numerous realistic water droplets of various sizes. The droplets are rendered with soft shadows and highlights, giving them a three-dimensional appearance. They are scattered across the frame, with some larger droplets near the top and bottom edges, and smaller ones in the center.

**ЖОҢҒАР
ШАПКЫНШЫЛЫҒЫНА
ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ
КӨШБАСШЫЛАРЫ**

ТӘУКЕ ХАН

- **ЖӘҢГІРҰЛЫ ТӘУКЕ ХАН (1635-1715)** – [ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ХАНЫ](#), САЛҚАМ ЖӘҢГІР ХАННЫҢ БАЛАСЫ. ШЕШЕСІ – ҚАЛМАҚТЫҢ ХОШОУЫТ ТАЙПАСЫНЫҢ БИЛЕУШІСІ КҮНДЕЛЕН-ТАЙШЫНЫҢ ҚЫЗЫ. МҰРАГЕРЛІК ЖОЛМЕН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БИЛІК ТІЗГІНІН ҚОЛҒА АЛҒАН КЕЗДЕ (1680Ж.) ТӘУКЕ ЕЛ АҒАСЫ ЖАСЫНА КЕЛІП АҚЫЛ ТОҚТАТҚАН, МЕМЛЕКЕТ ІСІНЕ АРАЛАСЫП, МОЛ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҚТАҒАН БІЛІКТІ ЖАН БОЛАТЫН. СОНДЫҚТАН ДА ОЛ ТАҚҚА ОТЫРЫП, ӘКЕ ІСІН АЛҒА ЖАЛҒАП, ОНЫҢ САЯСАТЫН ЖҮРГІЗГЕНІМЕН, ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА КЕЛГЕНДЕ БҰРЫНҒЫ СҮРЛЕУМЕН КЕТПЕЙ, ӨЗІНДІК ЖАҢА ЖОЛМЕН ЖҮРДІ. ТӘУКЕНІ ӨЗГЕ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНАН ЕРЕКШЕЛЕП, ОНЫҢ ШЫН МӘНІНДЕ КӨРЕГЕН БАСШЫ, АҚЫЛДЫ РЕФОРМАТОР ЕКЕНІН ТАНЫТАНЫН ҚАСИЕТІ ДЕ ОСЫ ӨЗІНДІК ЖОЛМЕН ЖҮРУІНДЕ. БҰЛ РЕТТЕ ОЛ ҰЛЫ БАБАСЫ ҚАСЫМ ХАНҒА ҚАРАЙ БЕЙІМДЕЛЕДІ.

ЖЕТИ ЖАРҒЫ

- **ЖЕТИ ЖАРҒЫ** – ТӘУКЕ ХАН (1678 – 1718) ТҰСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘДЕП-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ. 17-ҒАСЫРДА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЫДЫРАУ ҚАУПІНІҢ ТУУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУКЕ ХАН ЕЛДІҢ АУЫЗБІРЛІГІН АРТТЫРАТЫН ШАРАЛАР ҚАРАСТЫРЫП, ХАНДЫҚ БИЛІКТІ НЫҒАЙТУҒА КҮШ САЛДЫ. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДАМУЫ МЫҚТЫ БИЛІК ПЕН БІРЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛАТЫН ЖАҢА ЗАҢДАР ЖҮЙЕСІН ҚАЖЕТ ЕТТІ. ОСЫ РЕТТЕ ТӘУКЕ ХАН БҰРЫННАН ҚАЛЫПТАСҚАН ДӘСТҮРЛІ ӘДЕП-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫ МЕН ӨЗІНЕН БҰРЫНҒЫ ХАНДАРДЫҢ ТҰСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН “ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ” МЕН “ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫН” ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ ЖАҢА ЗАҢ ЖҮЙЕСІН ЖАСАУҒА ТЫРЫСТЫ.

ТӘУКЕ ХАН

ТӘУКЕ ХАН МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУ ІСІНЕ ТУА БІТКЕН ДАНЫШПАН, ЕЛ АРАСЫНДА АСҚАН ЕРЛІГІМЕН, БАТЫРЛЫҒЫМЕН ДАРАЛАНҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ, ЯҒНИ БИЛЕР МЕН БАТЫРЛАРДЫ ТАРТТЫ. БҰЛ ШАРАЛАР НӘТИЖЕЛІ БОЛДЫ. МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУ ІСІНЕ ДЕ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗДІ. БИЛЕР КЕҢЕСІН ҚҰРЫП, ОНЫҢ БИЛІК АУҚЫМЫН КЕҢЕЙТТИ. БИЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕГІ ТЕК АҚСҮЙЕК ТАБЫНАН БОЛМАҒАНЫН ЕСКЕРСЕК, ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ТАРТУ ТӘУКЕ ХАН ЕНГІЗГЕН ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС БОЛДЫ.



ЖЕТИ ЖАРҒЫ

«ЖЕТИ ЖАРҒЫ» БОЙЫНША ӨЛІМ ЖАЗАСЫ
МЕН ҚҰН ТӨЛЕУДЕН БАСҚА ЖАЗАЛАР ДА
ҚОЛДАНЫЛҒАН. МЫСАЛЫ, ӘКЕСІНЕ ҚОЛ
ЖҰМСАҒАН ҰЛ БАЛАНЫ ҚАРА СИЫРҒА
ТЕРІС ОТЫРҒЫЗЫП МАСҚАРАЛАҒАН. АТА-
АНАСЫНА ДАУЫСЫН КӨТЕРГЕН ҚЫЗ
БАЛАНЫҢ ЖАЗАСЫН ШЕШЕСІ ШЕШКЕН.
КҮЙЕУІН ӨЛТІРГЕН ЕКІҚАБАТ ӘЙЕЛ
ЕЛДЕН ҚУЫЛСА, ХРИСТИАН ДІНІН
ҚАБЫЛДАҒАН АДАМНЫҢ МАЛ-МҮЛКІ
ТӘРКІЛЕНГЕН. ҚҰДАЙҒА ТІЛ ТИГІЗГЕНДІГІ
ЖЕТИ АДАМНЫҢ КУӘЛІГІ АРҚЫЛЫ
АНЫҚТАЛҒАН АДАМ ТАСПЕН АТЫП
ӨЛТІРІЛГЕН.



БӨГЕНБАЙ БАТЫР

БӨГЕНБАЙ БАТЫР АБЫЛАЙ
ХАН КЕЗІНДЕ ӨМІР
СҮРГЕН БАТЫР, ӘЙГІЛІ
ӘСКЕРБАСЫ. ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ
ІШІНДЕ МОЛ АТАҒЫ БАР, ОСЫ
СЕБЕППЕН БӨГЕНБАЙ
БАТЫРДЫ
ХАЛЫҚ ҚАНЖЫҒАЛЫ
БӨГЕНБАЙ ДЕП АЙТЫП
КЕТКЕН БОЛАТЫН.
СЫРДАРІЯ СУЫНЫҢ
БОЙЫНДА ӨМІРГЕ КЕЛГЕН.



БӨГЕНБАЙ БАТЫР

- БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ АТАСЫ — ӘЛДЕКҮН, ӘКЕСІ АҚША ҚАНЖЫҒАЛЫ РУЫ АРАСЫНДА АТАҚТЫ АДАМДАР БОЛҒАН. ӘЗ ТӘУКЕ ХАН БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ ӘКЕСІНЕ 80 МЫҢ ӘСКЕРДЕН БОЛАТЫН ӘСКЕРЛЕРГЕ ӘСКЕРБАСЫ БОЛҒАНЫН СЕНІП ТАПСЫРҒАН. ОЛ ОНЫМЕН ҚОСА ДАРЫНДЫ КІСІ БОЛДЫ. ҰСТАЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСҚАН, СОҒЫСҚА АРНАЛҒАН ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫН ЖАСАЙТЫН БОЛҒАН. ӨЗІ АҚЫН, СӨЗ МАЙТАЛМАН ТАЛАНТЫ ДА БАР БОЛАТЫН. ӘКЕСІНІҢ ТАЛАНТЫ ҰЛЫНА ДА ҚАЛЫПТАСҚАН. ЖАСТАЙЫНАН ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІНІҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІН БОЙЫНА СІҢІРІП ӨСКЕН ОЛ ЖІГІТ ШАҒЫНДА АУЫЛДАРҒА БАРЫП, РУ АРАСЫНДАҒЫ ДАУЛАРДЫ ШЕШІП, БИЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛТАЙЛАРЫНА ҚАТЫСҚАН.

БӨГЕНБАЙ БАТЫР

БАТЫРЛЫҒЫ МЕН ҚОЛБАСШЫЛЫҚ
ДАРЫНЫ АРҚАСЫНДА БӨГЕНБАЙ ҮЛКЕН
ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНІП, ЕРЛІГІ ЕЛ АУЗЫНДА
АҢЫЗҒА АЙНАЛЫП КЕТТІ. XVIII ҒАСЫРДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН
ҚОРҒАУДА БӨГЕНБАЙ БАТЫР ҚАМАЛ
БҰЗАР ҚАЙРАТЫМЕН КӨЗГЕ ТҮСТІ.

ОЛЖАБАЙ, ҚАБАНБАЙ, МАЛАЙСАРЫ
СЕКІЛДІ ДАРАБОЗДАРМЕН ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ
КӨКСЕРКЕ АТЫН БОРБАЙЛАП, ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ

ТАЛАЙ ҚАНДЫ АЙҚАСТАРҒА

ҚАТЫСТЫ. БӨГЕНБАЙДЫҢ

ҚАЛМАҚТАРМЕН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ

ӘСКЕРЛЕРІМЕН БОЛҒАН ҚИЯН-КЕСКІ

ШАЙҚАСТАРДА КӨРСЕТКЕН ҚАЙРАТЫ СОЛ


КЕЗЕНДЕГІ ЖОРЫҚ ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ

ТОЛҒАУЛАРЫНДА МӘҢГІ ӨШПЕС ӨЛЕҢ



ТӨЛЕ БИ

ӘЛІБЕКҰЛЫ ТӨЛЕ БИ (1663-1756) - ҚАЗАҚТЫҢ ТӘУКЕ, БОЛАТ, ӘБІЛМӘМБЕТ, ЖОЛБАРЫС, АБЫЛАЙ ХАНДАРЫ ТҰСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСҚАРУ ІСІНЕ АРАЛАСҚАН АСА ІРІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ОЙШЫЛ ДАНА, ӘЗ ТӘУКЕ ХАН ҚҰРҒАН «БИЛЕР КЕҢЕСІНІҢ» МҮШЕСІ, АТАҚТЫ ШЕШЕН, ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ ТӨБЕ БИИ, «ЖЕТІ ЖАРҒЫ» ДЕП АТАЛАТЫН ЗАҢДАР КОДЕКСІН ШЫҒАРУШЫЛАРДЫҢ БІРІ. ШЫҚҚАН ТЕГІ ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ ЖАНЫС РУЫНАН. ШЕЖІРЕШІЛЕР «ТОҒЫЗ ҰЛДЫ ҚҰДАЙБЕРДІ ӨУЛЕТІНЕН ТӨЛЕГЕ ДЕЙІН БАЙ ДА, БИ ДЕ ШЫҚПАҒАН. ОЛАР «ҚАРАШОҒЫР» АТАНҒАН ҚАРА ШАРУА БОЛҒАН» ДЕГЕН ДЕРЕК БЕРЕДІ.



ТӨЛЕ БИ

- ТӨУКЕ ХАННЫҢ ТҰСЫНДА ТӨЛЕ БИ «БИЛЕР КЕҢЕСІНІҢ» МҮШЕСІ РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ІСТЕРДІҢ ОҢ ШЕШІЛУІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ҮЛЕС ҚОСҚАН, ЖЫЛ САЙЫН ӨТЕТЕІН БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҚ ЖИЫНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛҒАН. ОЛ ОРТА ЖҮЗДІҢ ТӨБЕ БИ КЕЛДІБЕКҰЛЫ ҚАЗЫБЕКПЕН, КІШІ ЖҮЗДІҢ ТӨБЕ БИ БАЙБЕКҰЛЫ ӘЙТЕКЕМЕН БІРГЕ ТӨУКЕНІҢ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫН ОРТАЛЫҚ ЕТІП, ҮШ ЖҮЗ ҰЛЫСТАРЫН БІР ОРТАЛЫҚҚА БАҒЫНДЫРУҒА, СӨЙТІП БІРЕГЕЙ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫН НЫҒАЙТУҒА, ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ БАУЫРЛАС ҚЫРҒЫЗ, ҚАРАҚАЛПАҚ, ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОДАҒЫН ҚҰРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСАДЫ. БҰЛ ҚАЗАҚ ПЕН ЖОҢҒАР ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ АРАСЫ ШИЕЛЕНІСІП ТҰРҒАН КЕЗ БОЛАТЫН.